

**МЕРЕЙТОЙ  
ЮБИЛЕЙ  
ANNIVERSARY**

**Кәрібаев Б.Б.**

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.  
Қазақстан, Алматы қ.

**ПРОФЕССОР ТАЛАС ОМАРБЕКОВ – 70 ЖАСТА!**



2018 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі, Әлеуметтік Ғылымдар академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанындағы «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерттеу орталығының» директоры, «Құрмет» орденінің иегері, Жамбыл облысы Байзақ ауданының құрметті азаматы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков 70 жасқа толды. Хабаршының редакциялық алқасы мерейтой иесін туған күнімен құттықтай отыра, оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат,

мұқалмас жігер, шығармашылық табыстар және отбасының амандығы мен бақытын тілейді.

Талас Омарбеков 1948 жылы 29 мамырда Жамбыл облысы, Байзақ ауданы (бұрынғы Свердлов ауданы), Ақжар ауылында дүниеге келген. 1966 жылы орта мектепті бітіріп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі ҚазҰПУ) тарих факультетіне оқуға түседі. Институт қабырғасында ол ұлт тарихының керемет білгірлері, қазақ арасынан тарих ғылымында тұңғыш рет Қазанда кандидаттық дәреже алу үшін диссертациясын қорғаған, профессор Х. Әділгереевтің, профессорлар – С. Толыбековтың, Н. Киікбаевтың, А. Бақшиловтың, А. Ахмеджановтың, А. Муратовскийдің және тағы басқа педагог-ғалымдардан дәріс тыңдап, тәрбие алады. Болашақ ғалым студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласады. 4 курста студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін оны ректор С. Толыбековтың өзі кабинетіне арнайы шақырып, өз монографиясына қолтаңба жазып, сыйлаған. 1971 жылы институтты «орта мектептегі тарих пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітіреді де, 1975 жылға дейін Т. Омарбеков Байзақ ауданындағы орта мектептерде тарихшы болып ұстаздық қызмет атқарады. Профессордың ғылымға бет бұруы дәл осы кездерде басталды десек болады. Облыстық, республикалық басылымдарда осы кезеңде оның тарихты оқытудың әдістері жөнінде және атақты тарихшы-археолог К.А. Ақышевтың оң пікірімен ортағасырлық Оххум қаласының тарихына байланысты мақаласы «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында жарық көреді. Ол сабақ беріп жүрген мектебінде жергілікті өңірдегі көне ортағасырлық қалалардан табылған заттай ескерткіштерді жи-

настырып, археология музейін ұйымдастырады. Жас тарихшы мұғалімнің жаңашылдық, ізденімпаздық жұмыстары жөнінде ақпараттар аудандық биліктегілерге жетіп, оны Байзақ аудандық партия комитетінде жауапты қызметке шақырады. Сөйтіп, болашақ ғалым 1975-1977 жылдары биліктің алғашқы баспалдақтарынан өте бастайды, басқарып отырған жүйені іштей тани бастайды. Тіпті, оны Мәскеудегі Жоғары партия мектебіне жіберу үшін резервке тіркеп те қояды. Оны бітіргендердің жолы жоғары билік баспалдақтарына қарай тура даңғыл болатын. Бірақ болашақ ғалым биліктен гөрі ғылым жолын таңдап, 1977 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына түседі. Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Жұмабеков оның кандидаттық диссертациясына ғылыми жетекшілік етеді. 1980 жылы аспирантураны аяқтап, 1982 жылы кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1989 жылға дейін өзінің мамандық алған ҚазПИ-інде оқытушылық қызметте болып, ассистент, аға оқытушы, доцент сияқты ғылыми педагогикалық сатылардан өтеді.

1989 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының Тарих секторына аға ғылыми қызметкер қызметіне шақырылып, ешкімнің қолы жете бермейтін құпия архив қорларындағы құжаттармен таныса бастайды. Ондағы мәліметтермен танысу оны өмірге жаңадан келгендей әсер етіп, нағыз шынайы тарихтың деректік көздерімен танысуға мүмкіндік алады. Әріптесі, әрі досы М.Қойгелдиевпен бірге архивтің құпия қорларындағы материалдармен таныса отыра, көптеген мәселелерді бірлесе талқылайды, ой бөліседі, пікірлеседі. Сөйтіп көп нәрсеге басқаша көзбен қарай бастайды. Елде болып жатқан демократиялық сипаттағы өзгерістер де Тәкеңнің көзқарастарының басқаша бағытта дамуына, енгізіле бастаған жаңаша теориялық ұстанымдар басқаша ойлауға, басқаша ой қорытуға алып келіп, ғалымның тарихқа деген танымын мүлде өзгерістерге ұшыратады. Осылайша, Т. Омарбеков жетпіс жылдай тарих ғылымында үстемдік құрып келген маркстік методологиядан саналы түрде бас тартады да, таптық емес, өркениеттік ұстанымдарға негізделген методология сүйеніп, жоғарыда атап өткен ғылыми ізденістерінің нәтижелерін мақала, монография түрінде жариялай бастайды. Осындай батыл қадамдар ғалым Омарбековты бірте-бірте тарих ғылымындағы танымал тұлғаға айналдырады.

1990-1993 жылдар аралығында ол тек архивтік материалдарға сүйеніп, 30-шы жылдардағы Қазақстанның әр аумағын жайлаған аштық, оның себептері, аштық жайлаған аймақтардағы қазақ халқының жағдайы, аштыққа ұшырағандардың саны, аштыққа шыдамаған елдің көтеріле шет аймақтар мен шетелдерге қоныс аударуы, орталықтың аграрлық саладағы солақай саясаты, күштеп ұжымдастыру, оған қарсы Қазақстанның көптеген өңірлеріндегі халық көтерілістері, «кіші қазан», Голощекин саясаты, сол кезеңдегі ұлт зиялылары, ұлтжанды партия, кеңес басшылары және тағы басқа көптеген мәселелерді қамтыған көптеген мақалаларын жариялайды. 1993 жылы ол өзінің идеялас досы, әрі әріптесі М.Қойгелдиевпен бірге «Тарих тағылымы не дейді?», 1994 жылы «Зобалан» (күштеп ұжымдастыруға қарсылық, 1929-1931 жылдары болған халық наразылығы) атты монографияларын жарыққа шығарады. Сол 1994 жылы жариялаған ғылыми жұмыстарының бәрін реттеп, жүйелеп, диссертацияға айналдырады да, «Қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру» атты тақырыпта академик Кеңес Нұрпейісовтың ғылыми кеңесшілігімен докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Ал көп ұзамай профессор атағын алады.

Болашақта профессор Т.Омарбековтың ғылыми шығармашылығы жеке зерттеу тақырыбына айналары сөзсіз. Дей тұрсақ та осы жерде мерейтой иесінің өзінің негізгі зерттеу бағытымен қатар, соңғы 20 жыл ішіндегі жаңа бағыттары мен олардың нәтижелері жөнінде қысқаша болса да тоқталмақшымын. Оның алғашқы бағытына – қазақ халқының этногенезі мәселесіндегі ру-тайпалар тарихы мен шежіресі мәселесі, ал екіншісіне – Қазақстан тарихының ерте, дамыған және кейінгі ортағасырлық кезеңдеріндегі саяси, этникалық, мемлекеттік даму мәселелеріне қатысты зерттеулерін айтар едім.

2003-2009 жылдары профессор Т. Омарбековтың басшылығымен әрі жетекшілігімен, тарих ғылымдарының докторы А.Қалыш, осы жолдардың авторы және бірнеше жас тарихшылар, бүгінде-ғылым докторлары мен кандидаттары: Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева және т.б. кәсіпкер Қ. Ғабжалиловтың қаржылай қолдауымен «Алаш» ғылыми зерттеу орталығын құрып, «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты жоба аясында қазақ халқының құрамындағы ірі-ірі тайпалар тарихын зерттеумен айналысады.

Т. Омарбековтың ұйымдастырушылық қабілеті мен теориялық біліктілігі арқасында

жол табылып, орталық өз нәтижесін бере бастады. 2010 жылға дейін орталық ғалымдары «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» жобасымен 27 том, «Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде» жобасымен 9 том кітап шығарды. Орталық жанынан «Алаш» ғылыми журналы шығарыла бастап, оның бас редакторы тағы да тынымсыз Т. Омарбеков болды. Тіпті ол журнал тікелей Тәкеңнің араласуымен Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми жұмыстарды жариялауға рұхсат беретін тізіміне еніп, кәдімгідей ғылыми ортада мойындалды. Талай тарихшылар өз мақалаларын «Алаш» журналында жарияланғанын мақтаныш етіп жүрді. Осындай қомақты әрі ауқымды жұмыстардың бәрінің басы-қасында ешбір шаршауды білмейтін профессор Талас Омарбеков тұрғанын екіншісі біле бермейді.

Профессор Т. Омарбековтың жаңа ғылыми-зерттеулеріндегі келесі бағытқа – Қазақстан тарихының ерте, дамыған және кейінгі ортағасырлық кезеңдеріндегі саяси, этникалық, мемлекеттік даму мәселелеріне қатысты зерттеулер жатты. Ғалым бұл бағытта да өте жемісті жұмыстар жүргізіп, 2010-2018 жылдар аралығында 5 көлемді еңбектерін жариялайды. Олар мыналар: 2013 жылы жарық көрген – «Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)», 2014 жылы – «Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XIV ғғ.)», 2017 жылы – «Қазақ хандары», 2017 жылы «Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны», 2018 жылы – «Қазақтың шығу тегі» атты еңбектері жарық көреді.

Монографиялардың атауларынан байқап отырғанымыздай, профессор Т. Омарбеков ел тарихындағы ең бір өзекті мәселелерді қарастырады. Болашақта бұл еңбектерге бағалар беріле жатар, дегенменде аз уақыт ішінде осыншама дүниені жарыққа шығару, тек қана нағыз еңбекқор, нағыз ізденімпаз, өз ісіне жантәнімен берілген, таңдаған мамандығына адал ізденушінің қолынан ғана келсе керек. Т. Омарбеков өзінің қандай зерттеуші екенін осындай

еңбектері арқылы дәлелдеген тарихшы деп айтпасқа шара жоқ.

«Атақ та абырой да – еңбекте» деген мәтелдің растығына осы жерде көз жеткізуге болады. Т. Омарбековтың ғылыми жетістіктерін үкіметіміз жоғары бағалады, әлі де бағалар жеген ойдамыз. Оның атақ дәрежелерін, марапатталған орден-медальдарын тізсек бір бетке жақындар еді. Оның ең бастыларын атасақ, ол-Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі, Әлеуметтік Ғылымдар академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанындағы «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерттеу орталығының» директоры, 2007 жылғы ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы, «Құрмет» орденінің иегері және ондаған қоғамдық ұйымдар тағайындаған медальдардың иегері. Мерейтой иесі үшін ең құрметті сыйдың бірі – туған жерінің зор құрметі. Ол Жамбыл облысы Байзақ ауданының құрметті азаматы.

Бүгінгі күндері профессор Талас Омарбеков пен жұбайы Ажар апай ұл өсіріп, келін түсіріп, төрт немеренің қызығына бөленіп отырған бақытты жандар. Тәкең жетпісті желкелеп мініп, болдым-толдым деп отырған жоқ. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірнеше мың оқытушы-профессорлары секілді таңертең жұмысқа асыға келе, аудиторияларда тарихшы бакалаврлар мен магистранттар, докторанттар алдында лекцияларын оқып, тарихтың терең қойнаулардағы құпия-сырларын жалықпай үйретіп жүр. Сонымен қатар өзі басқарып отырған Орталықтың жұмысын да жүргізуде. Ал кешке қарай атасын сағына күтіп отырған немерелеріне құстай ұшады. Профессор Т. Омарбеков өз уақытының тығыздығы мен ғылыми жұмыстарының көптігіне байланысты кейде мерейтойының келгенін де аңғармай қалады. Адам үшін, ғалым үшін отбасы мен қоғамға қажет екенінді сезіну бақыт емес пе! Мерейтой иесіне осы бақыттың ұзағынан болғанын тілейік.